

**Илияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы**  
**2024-2025 оқу жылының І-тоқсаны бойынша**  
**1- 11 сыныптардың ата-аналар жиналысы**

**Хаттама №2**

Мақсаты: «Біртұтас тәрбие» жұмысында оқушылардың шығармашылығы мен ата-аналар ынтымақтастығын нығайту.

Күні: 01.11.2024ж.

Уақыты: 17.30-19.30

Қатысушылар:1-11 сынып ата-аналары,

Күн тәртібі:

- I. " Жағымды ахуал ортасы" тренинг ұйымдастыру /5 минут/;
- II. 2024-2025 оқу жылындағы 1- тоқсан білім сапасының қорытындысы және білімдегі олқылықтар /15 мин./ ;
- III. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу туралы /10 мин. /;
- IV. Сабак үстінде оқушының білім алуына кедергі жасайтын ұялы телефонды сыныптағы арнайы жәшіктерге салу туралы ұсыныс /5 мин./;
- V. Ағымдағы мәселелер /10 мин/.

1. " Жағымды ахуал ортасы" тренинг - психолог маманы
2. 2024-2025 оқу жылындағы 1- тоқсан білім сапасының қорытындысы және білімдегі олқылықтар –ОІЖО Г.Е.Ережепова, А.Е.Сармантаева
3. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу туралы - Сулекеев К. К. ДТІЖО
4. Сабак үстінде оқушының білім алуына кедергі жасайтын ұялы телефонды сыныптағы арнайы жәшіктерге салу туралы ұсыныс-пән мұғалімдері,сынып жетекшілер.

**Тыңдалды:**

- Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойыншы І бөлімі " **Жағымды ахуал ортасы**" тренингі ұйымдастырылды. Психологиялық негізде ұйымдастырылған тренинг ата-аналарда психологиялық қолайлы атмосфера қалыптастыруға, ата-ана мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға көмектесті. Ата–аналарға психологиялық ойындар ойнатылды. Бала мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту, баланың білімге құштарлығын ашу мақсатында сұрақтар қойылып, жауаптар алынды. Психолог мамандарының ата-аналарымен өткізілген психологиялық тренингтері жоспарға сай өтілді.

**II бөлімі:** Күн тәртібінде белгіленген келесі мәселе бойынша "2024-2025 оқу жылындағы 1-тоқсан білім сапасының қорытындысы және білімдегі олқылықтар" тақырыбында талқыланды. 1-тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың білім сапасын талдау, жетістіктер мен олқылықтарын анықтау, білім нәтижелері талқыланып, оларды жоюға бағытталған іс-шараларды

жоспарлау қарастырылды. Білім сапасының қорытындысы арнайы мониторинг кестесі ретінде айтылды.

**III бөлімі:** Күн тәртібінде белгіленген үшінші мәселе бойынша Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.К.Сулекеев сөз алып, оқушылардың мектептегі тәртіпті сақтауы мен күнделікті мектеп формасының қадағалауын ата-аналар назарында болуы туралы түсіндіріп өтті. Жиналыс соңында ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарына жауаптар берілді. Ата-аналар қойылған сұрақтарына тиісті жауаптарын алды.

Күн тәртібіндегі көрсетілген келесі мәселе бойынша Сабақ үстінде оқушының білім алуына кедергі жасайтын ұялы телефонды сыныптағы арнайы жәшіктерге салу туралы ұсынысы талқыланды. Сабақ үстінде оқушының білім алуына кедергі жасайтын ұялы телефонды сыныптағы арнайы жәшіктерге салу туралы ұсыныс пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері тарапынан түскен ұсыныс болып табылады. Ағымдағы мәселелер талқыланып, сұрақ-жауап өтті.

Қаулы:

1. 2024-2025 оқу жылындағы 1-тоқсан білім сапасының қорытындысы және білімдегі олқылықтар саралансын ;
2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
3. Сабақ үстінде оқушының білім алуына кедергі жасайтын ұялы телефонды сыныптағы арнайы жәшіктерге салу туралы ұсыныс қолданысқа енсін.



Хатшы: Ж. Оразалина